ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№
КВГА-13/9089
25.04.2019

«Шиелі-Жолшы» ЖШС-не

№3121849-1 «Облыстық маңызы бар «Шиелі-Қарғалы-Байкенже-Жаңақорған» автомобиль жолының ұзындығы 7,6 км (10-17,6 км) орташа жөндеу жұмыстары», ұйымдастырушы "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өткізген сатып алу қорытындысына қарсы жазылған "Шиелі-Жолшы" ЖШС-нің 2019 жылғы 5 сәуірдегі №37130 шағым хаты бойынша көрсетілген бұзушылықтардың ішінара расталғандығын хабарлайды.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы заңының» 9-бабы 3-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

ҚР ҚМ 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының конкурстық құжаттамаға 4-қосымшасына сәйкес «Конкурстық құжаттамамен танысқанымызды және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (жеткізілетін тауарды (ларды), орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенімізді растаймыз» деп конкурсқа қатысу туралы келісімін білдіреді.

Сондай-ақ, ҚР 2000 жылғы 27 қарашадағы N 107 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 20-3 бабы 2-тармағы 5-тармақшасына сәйкес «Шағымда шағым беруші тұлға өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар және дәлелдемелер көрсетілуге тиіс» деп көрсетілген.

Алайда, Сіздің шағым хатта «Қызылорда жолдары» ЖШС-нің анық емес ақпарат беру салдарын ұсынғандығы жөнінде нақты дәлелдер жоқ.

Осыған орай, Комитетпен анық емес ақпарат беру салдары бойынша сұраныстар жіберуге негіздер жоқ.

Дегенмен, сатып алу туралы заңының 11-бабына сәйкес қолыңызда анық емес ақпарат салдарын дәлелдейтін нақты дәлелдер мен мән-жайлар болған жағдайда Комитетке растаушы құжаттарды ұсына отырып, хат жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Сонымен қатар, заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төраға орынбасары **Ш. Шайназарова**

Исп: Алматов Д
Тел.: 8(7172)71-78-73